

ISSN 2957-9856 (Online)
ISSN 2957-8280 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
«ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ СУ ҚАУІПСІЗДІГІ ИНСТИТУТЫ» АҚ

КОМИТЕТ НАУКИ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И
ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
АО «ИНСТИТУТ ГЕОГРАФИИ
И ВОДНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»

SCIENCE COMMITTEE
OF THE MINISTRY OF SCIENCE AND
HIGHER EDUCATION
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
JSC « INSTITUTE OF GEOGRAPHY
AND WATER SECURITY»

**ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ
СУ РЕСУРСТАРЫ**
◆
**ГЕОГРАФИЯ
И ВОДНЫЕ РЕСУРСЫ**
◆
**GEOGRAPHY
AND WATER RESOURCES**

3

**ШІЛДЕ – ҚЫРКҮЙЕК 2022 ж.
ИЮЛЬ – СЕНТЯБРЬ 2022 г.
JULY – SEPTEMBER 2022**

**ЖУРНАЛ 2007 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ЖУРНАЛ ИЗДАЕТСЯ С 2007 ГОДА
THE JOURNAL WAS FOUNDED IN 2007**

**ЖЫЛЫНА 4 РЕТ ШЫҒАДЫ
ВЫХОДИТ 4 РАЗА В ГОД
PUBLISHED 4 TIMES A YEAR**

АЛМАТЫ

АЛМАТЫ

ALMATY

Бас редакторы
география ғылымының докторы, ҚР ҰҒА академигі **А. Р. Медеу**

Бас редактордың орынбасары:
география ғылымының кандидаты **С. К. Алимкулов**, география ғылымының докторы **И. Б. Скоринцева**,
география ғылымының докторы **С. А. Тарихазер** (Әзірбайжан)

Редакция алқасы:
ҚР ҰҒА академигі, география ғылымының докторы **И. В. Северский**; докторы, климатологияның қауымдастырылған профессоры **М. Шахгеданова** (Ұлыбритания); Еуропа мен Азиядағы Халықаралық ғылым академиясының академигі (IASEA), докторы, профессоры **Цуи Вэйхун** (Қытай); география ғылымының докторы **О. Б. Мазбаев**; география ғылымының докторы **Ф. Ж. Акиянова**; география ғылымының докторы **Б. А. Красноярова** (Ресей); география ғылымының докторы **Д. Т. Чонтоев**; география ғылымының докторы **Н. А. Амиргалиев**; геология-минералогия ғылымдарының докторы **М. Қ. Абсаметов**; география ғылымының кандидаты **А. Л. Кокарев**; PhD докторы **А. С. Мадібеков**; геология-минералогия ғылымдарының кандидаты **Е. Ж. Муртазин**

Главный редактор
академик НАН РК, доктор географических наук **А. Р. Медеу**

Заместители главного редактора:
кандидат географических наук **С. К. Алимкулов**, доктор географических наук **И. Б. Скоринцева**,
доктор географических наук **С. А. Тарихазер** (Азербайджан)

Редакционная коллегия:
академик НАН РК, доктор географических наук **И. В. Северский**; доктор, ассоциированный профессор климатологии **М. Шахгеданова** (Великобритания); академик Международной академии наук Европы и Азии (IASEA), доктор, профессор **Цуи Вэйхун** (Китай); доктор географических наук **О. Б. Мазбаев**; доктор географических наук **Ф. Ж. Акиянова**; доктор географических наук **Б. А. Красноярова** (Россия); доктор географических наук **Д. Т. Чонтоев**; доктор географических наук **Н. А. Амиргалиев**; доктор геолого-минералогических наук **М. К. Абсаметов**; кандидат географических наук **А. Л. Кокарев**; доктор PhD **А. С. Мадібеков**; кандидат геолого-минералогических наук **Е. Ж. Муртазин**

Editor-in-Chief
Academician of the NAS of the RK, Doctor of Geographical Sciences **A. R. Medeu**

Deputy Editor-in-chief:
Candidate of Geographical Sciences **S. K. Alimkulov**, Doctor of Geographical Sciences **I. B. Skorintseva**,
Doctor of Geographical Sciences **S. A. Tarikhazer** (Azerbaijan)

Editorial Board:
Academician of the NAS of the RK, Doctor of Geographical Sciences **I. V. Severskiy**; Dr., Associate Professor in Climate Science **M. Shahgedanova** (UK); Academician of the International Academy of Sciences for Europe and Asia (IASEA), Doctor, Full professor **Cui Weihong** (China); Doctor of Geographical Sciences **O. B. Mazbayev**; Doctor of Geographical Sciences **F. Zh. Akiyanova**; Doctor of Geographical Sciences **B. A. Krasnoyarova** (Russia); Doctor of Geographical Sciences **D. T. Chontoev**; Doctor of Geographical Sciences **N. A. Amirgaliyev**; Doctor of Geological and Mineralogical Sciences **M. K. Absametov**; Candidate of Geographical Sciences **A. L. Kokarev**; Doctor PhD **A. S. Madibekov**; Candidate of Geological and Mineralogical Sciences **Ye. Zh. Murtazin**

География и водные ресурсы
ISSN 2957-9856 (Online), ISSN 2957-8280 (Print)

Собственник АО «Институт географии и водной безопасности»

Подписной индекс для юридических лиц: 24155

Свидетельство о регистрации издания № 8243-Ж от 5 апреля 2007 г. и перерегистрации № KZ48VPY0036995 от 23 июня 2021 г. выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Пушкина, 99.
Тел.: +7(727)291-81-29, факс: +7(727)291-81-02

E-mail: journal.ingeo@gmail.com
Сайт: <http://www.ojs.ingeo.kz>

Климатология и метеорология

Климатология және метеорология

Climatology and meteorology

<https://doi.org/10.55764/2957-9856/2022-3-40-51.17>

ӨОК556.121

А. Ө. Жәди¹, А. С. Мадиеков², А. Ә. Әбілқадир³

¹Гидрохимия және экологиялық токсикология зертханасының КҒҚ-і
(«География және су қауіпсіздігі институты» АҚ, Алматы, Қазақстан)

²Гидрохимия және экологиялық токсикология зертхана жетекшісі
(«География және су қауіпсіздігі институты» АҚ, Алматы, Қазақстан)

³Метеорология және гидрология кафедрасының магистранты
(Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан)

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ТЕРРИТОРИЯСЫНДА ЖАУЫН-ШАШЫННЫҢ ТАРАЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аннотация. Мақалада Ақмола облысы станциялары бойынша атмосфералық жауын-шашынның 1986-2020 жылдар аралығындағы уақыттық таралу ерекшеліктері қарастырылған. Атмосфералық жауын-шашынның көпжылдық ауытқуларын зерттеу қазіргі таңда жаһандық өзекті міндеттердің бірі болып табылады. Жалпы зерттеулердің көбінде климаттың жаһандық өзгерісі адамның шаруашылық әрекетіне де негізделген. Мақалада негізінен әрбір кезең бойынша жауын-шашындардың маусымдық таралуын, сонымен қатар берілген станциялар бойынша статистикалық сипаттамаларын, атмосфералық жауын-шашынның ірі аномалиялары мен жауын-шашын таралуының синоптикалық жағдайлары қарастырылды. Барлық берілген жылдар бойынша атмосфералық жауын-шашынның қалыпты, тапшы, аса ылғалды жылдары табылды.

Түйін сөздер: атмосфералық жауын-шашын, аномалиялар, жауын-шашынның көпжылдық жүрісі, сұйық және қатты жауын-шашындар, статистикалық көрсеткіштер.

Кіріспе. Жауын-шашындар – кеңістік және уақыт бойынша өте өзгермелі метеорологиялық құбылыстар, себебі олардың пайда болуына және қарқындылығына көптеген факторлар әсер етеді.

Жалпы жауын-шашынның жауу қарқындылығын және мөлшерін анықтау кезінде көптеген теоретикалық есептеулердің дәлдігі құрлықтың су балансы теңдеулеріне қолданылады. Сонымен қатар ұзақ мерзімді ауа-райын құрастыруға, төселме беткейдің жылу және су баланстарының байланыстарына да, сушаруашылық есептеулерге, соның ішінде егістікті бағалауға қажет болып табылады. Алынған қорытындылар ғылыми-практикалық жұмыстарда және климатология бағытында жұмыс істейтін ұйымдармен қолданылуы мүмкін.

Ақмола облысы аумағы бойынша жауын-шашынның таралуын анықтау үшін Астана, Атбасар, Аршалы, Балкашино, Егіндікөл, Есіл метеорологиялық станция торабының мәліметтері пайдаланылды [1-5].

1986-2020 жылдар аралығында РГП «Қазгидромет» ұйымының Ақмола облысы аумағы бойынша Астана, Атбасар, Аршалы, Балкашино, Егіндікөл, Есіл метеорологиялық станция торабының жауын-шашын мәліметтері пайдаланылды. Жұмысты орындау барысында метеорологияда қолданылатын статистикалық есептеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің материалдары мен әдістері. Ақмола облысындағы жауын-шашындардың әр уақыттық кезеңдегі таралу ерекшеліктерін қарастырылады. Қазақстан климаты шұғыл континенттілігімен сипатталады. Ол маусымнан маусымға ауысуында қатты ауытқуында, ауаның құрғақтығында және жауын-шашынның аз болуында байқалады. Климаттың құрылуында Жерорта теңізі, Арктика, Атлант мұхиты және Орта Азиядан келетін ауа массаларының тигізер үлесі өте зор [6-8].


Көптеген қазіргі кездегі зерттеу жұмыстарында климаттың жаһандық өзгеруі антропогендік әрекеттер ретінде қарастырылады. Атап айтқанда, соңғы 20-30 жылдардағы климаттық тенденцияларды антропогенді факторлар есебіне жатқызуға болады. Қазақстанда жауын-шашындардың өзгеру тенденциясын зерттеу актуальды болып отыр [9].

1-кесте – 1986-2020 жылдар аралығындағы жауын-шашынның орташа жылдық мөлшерінің қарастырылған станциялар бойынша таралуы, мм

Станция	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	Жыл
Астана	17,9	16,5	19,8	22,0	33,4	39,8	55,6	30,4	21,1	25,8	28,4	24,4	335,1
Атбасар	20,1	17,1	19,0	19,9	29,8	38,2	52,4	29,5	20,3	23,4	21,4	23,5	314,6
Аршалы	16,6	15,4	17,4	22,0	35,2	39,8	52,8	31,3	21,8	26,2	24,7	20,5	323,6
Балкашино	26,5	20,9	25,3	25,4	39,2	41,4	72,1	43,3	25,5	32,9	31,9	28,5	412,9
Егіндікөл	21,2	20,5	17,9	18,4	26,3	34,0	44,2	28,5	20,6	23,2	25,5	24,2	304,5
Есіл	14,5	11,5	15,1	19,3	34,9	33,8	49,9	27,9	18,0	21,9	21,1	18,3	286,1

1-кесте көріп отырғанымыздай, жауын-шашынның максимумы Балкашино станциясында байқалған. Жауын-шашын мөлшерінің мәні 11,5-72,1 мм аралығында өзгерген. Максимумы шілде айына келеді, оның мәні 72,1 мм тең, минимумы ақпан айына сәйкес келеді, 11,5 мм тең. Жылдық жауын-шашын мөлшері 412,9 мм құраған. Астана станциясында жауын-шашынның максимумы шілде айына келген, мәні 55,6 мм тең. Ал минимумы 17,9 мм қаңтар айында байқалған. Жылдық жауын-шашын мөлшері 335,1 мм құраған. Атбасар станциясында максимумы шілде айында 52,4 мм, ал минимумы ақпан айында 17,1 мм болған. Жылдық жауын-шашын мөлшері 314,6 мм болған. Егіндікөл станциясында жауын-шашынның максималды мөлшері шілде айында 44,2 мм, минимум мәні қаңтар айында 20,5 мм болған, жылдық жауын-шашын мөлшері 304,5 мм. Аршалы станциясында максимумы шілде айында байқалған, мәні 52,8 мм, минимумы ақпан айында 15,4 мм тең. Жылдық мөлшері 332,7 мм болған. Жауын-шашынның минимумы Есіл станциясында байқалған. Мұнда жауын-шашын мөлшерінің мәні 11,5-49,9 мм аралығында өзгерген. Максимумы 49,9 мм шілде айында, минимум мәні ақпан айына сәйкес келген. Жылдық жауын-шашын мөлшері 286,1 мм тең. Жауын-шашынның максимумы Балкашино станциясында, минимумы Есіл станциясында байқалған. Жалпы қарастырылған станцияларда жауын-шашынның таралуы біркелкі, яғни максимумы барлық станцияларда қаңтар айында, ал минимумы шілде айына сәйкес келеді.


Қарастырылып отырған станцияларда 2003-2020 жылдар аралығындағы жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері жүрісінің графигі тұрғызылды (1-сурет).



1-сурет – 1986-2020 жылдар аралығындағы жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері бойынша таралуы

1-сурет көрсетілгендей, Ақмола облысының Балкашино станциясында жауын шашынның максимум мәндері жаз айларына тура келеді. Ал, минимумы қыс айларына сәйкес келген. Ақмола облысының барлық станцияларының максималды мәндері шілде айына сәйкес келеді. Астана, Аршалы, Егіндікөл және Есіл станцияларының минимумы қыс айында, яғни қаңтарда байқалған. Ал Атбасар станциясының минимумы ақпан айында байқалған.

Қарастырылып отырған станцияларда 1986-2020 жылдар аралығындағы жауын-шашынның көпжылдық мөлшерінің таралу карта-схемасы сызылды (2-сурет).



2-сурет – Ақмола облысы метеостанцияларының 1986-2020 жж. жауын-шашын таралуының карта-схемасы

2-сурет көрсетілгендей, Ақмола облысы метеостанцияларының 1986-2020 жж. жауын-шашын таралуының карта-схемасы берілген. Бұл карта-схема ArcGis бағдарламасымен интерполяциялау арқылы жасалынды. Картадан көріп тұрғанымыздай, Ақмола облысының солтүстік бөлігінен оңтүстік-батыс аймағына дейін жауын-шашын таралу мөлшері азайғандығын байқай аламыз. Жалпы бізде бұл карталар интерполяциялау әдісінің дәлдігін анықтау мақсатында Қазақстанның жауын-шашын картасымен сәйкестендірілді, сәйкестік анықталды.

Ақмола облысы метеостанцияларындағы жауын-шашынның таралуының статистикалық көрсеткіштері. Қазіргі кездегі көптеген зерттеулерде климаттың жаһандық өзгерісі антропогендік әрекеттер ретінде қарастырылады. Атап айтқанда, соңғы 20-30 жылдардағы климаттық тенденцияларды антропогенді факторлар есебіне жатқызуға болады. Қазақстанда жауын-шашындардың өзгеру тенденциясын зерттеу актуальды болып отыр және жауын-шашынның өзгергіштік сипатын зерттеу үлкен қызығушылық тудырады. Негізінен өзгергіштік келесі статистикалық сипаттамалармен сипатталады, атап айтсақ: аномалия, орташа квадраттық ауытқу және метеорологиялық элементтің таралуын сипаттайтын асимметрия, эксцесс коэффициенттері [10].

Жауын-шашын өзгергіштігінің негізгі маңызды сипаттамалары ретінде орташа квадраттық ауытқу, асимметрия және эксцесстің таңдамалы мәндерін статистикалық бағалау қолданылады және қалыпты таралу асимметрия мен эксцесстің нөлдік мәндерімен сипатталады. Орташа квадраттық ауытқу төмендегі формуламен анықталады:

$$\sigma = \sqrt{[\sum(x_i - \bar{x})^2] / N} . \quad (1)$$

Ал асимметрия коэффициентін (A_S) келесі формула арқылы есептейміз:

$$A_S = [\sum(x_i - \bar{x})^3] / (N \cdot \sigma^3) . \quad (2)$$

Экссесс коэффициентін осы формула арқылы табамыз:

$$E_x = \{[\sum(x_i - \bar{x})^4] / (N \cdot \sigma^4)\}, \quad (3)$$

мұндағы σ^4 – төрт дәрежелі орташа квадраттық ауытқу; $\sum(x_i - \bar{x})^4$ – жауын-шашындар аномалиясы жиынтығының 4-дәрежесі; N – жағдайлардың жалпы саны.

Вариация коэффициенті вариацияның салыстырмалы көрсеткіштерінің бірі болып табылады және ол пайызбен есептеледі. Бұл көрсеткіш орташа квадраттық ауытқудың орташа арифметикалық шамаға қатынасы арқылы анықталады:

$$C_v = [\sigma / \bar{x}] \cdot 100\%, \quad (4)$$

мұндағы σ – орташа квадраттық ауытқу; \bar{x} – орташа арифметикалық шама [2].

2-кесте – 1986-2020 жылдар аралығындағы Астана метеостанциясындағы жауын-шашын таралуының статистикалық көрсеткіштері [16]

Айлар	D	σ	A_s	E_x	C_v
Қаңтар	99,5	10,0	1,2	2,4	55,8
Ақпан	81,0	9,0	1,0	1,1	54,4
Наурыз	129,4	11,4	0,7	-0,3	57,4
Сәуір	158,7	12,6	0,6	-0,4	57,2
Мамыр	482,7	22,0	1,6	3,1	65,8
Маусым	701,3	26,5	0,9	0,5	66,6
Шілде	1115,4	33,4	0,8	0,1	60,0
Тамыз	513,0	22,6	0,8	-0,4	74,4
Қыркүйек	150,4	12,3	0,5	-0,1	58,0
Қазан	258,5	16,1	1,1	1,3	62,3
Қараша	196,2	14,0	0,1	-1,0	49,4
Желтоқсан	140,9	11,9	0,2	0,0	48,7

2-кесте көрсетілгендей, Астана станциясында жауын-шашынның таралу дисперсиясы 81,0 мен 1115,4 аралығында, ал орташа квадраттық ауытқуы 9,0 мен 33,4 аралығында болған, көпжылдық жауын-шашын мәліметтерінің орташа мәнінен шашырауын көрсетеді. Асимметрия коэффициенті мәндері оң таңбалы күшті асимметрия мен кездейсоқ таралудың байқалғанын көрсетеді, экссесс коэффициенті таралу шыңының тегіс және кездейсоқ таралумен қатар оң таңбалы үшкір шыңды таралулардың болуын білдіреді. Вариация коэффициенті 48,7 және 74,4 аралығында болған, қатардың өзгерушілігі жоғары болғанын көрсетеді.

3-кесте – Атбасар метеостанциясындағы жауын-шашынның таралуының статистикалық көрсеткіштері [16]

Айлар	D	σ	A_s	E_x	C_v
Қаңтар	115,9	10,8	0,1	-0,6	53,6
Ақпан	155,9	12,5	1,4	2,8	73,0
Наурыз	130,6	11,4	0,4	-0,8	60,2
Сәуір	151,3	12,3	0,4	-0,8	61,9
Мамыр	351,6	18,7	0,8	0,6	62,9
Маусым	798,6	28,3	1,9	5,7	73,9
Шілде	1100,8	33,2	1,0	0,9	63,3
Тамыз	496,4	22,3	1,3	1,1	75,6
Қыркүйек	199,8	14,1	0,9	0,0	69,5
Қазан	189,4	13,8	1,2	2,5	58,9
Қараша	115,1	10,7	0,5	-0,2	50,2
Желтоқсан	174,6	13,2	0,5	-0,4	56,2

3-кесте 3 көрсетілгендей, Атбасар станциясында жауын-шашынның таралу дисперсиясы 115,1 пен 1100,8 аралығында, орташа квадраттық ауытқуы 10,7 мен 33,2 аралығында болған, яғни олар көпжылдық жауын-шашын мәліметтерінің орташа мәнінен шашырауын көрсетеді. Асимметрия коэффициенті мәндері оң таңбалы күшті асимметрия мен кездейсоқ таралудың байқалғанын көрсетеді. Экссесс коэффициенті таралу шыңының тегіс және кездейсоқ таралумен қатар оң таңбалы үшкір шыңды таралулардың болуын білдіреді. Вариация коэффициенті 50,2 және 75,6 аралығында болған, яғни қатардың өзгерушілігі жоғары болғанын көрсетеді.

4-кесте – Аршалы метеостанциясындағы жауын-шашынның таралуының статистикалық көрсеткіштері [16]

Айлар	D	σ	A_s	E_x	C_v
Қаңтар	88,1	9,4	0,2	-0,5	56,7
Ақпан	72,3	8,5	-0,1	-0,8	55,3
Наурыз	129,8	11,4	0,7	-0,1	65,6
Сәуір	194,9	14,0	0,1	-0,9	63,6
Мамыр	581,9	24,1	0,7	0,4	68,5
Маусым	830,1	28,8	0,5	-0,3	72,3
Шілде	1330,2	36,5	0,9	0,8	69,1
Тамыз	800,9	28,3	2,1	6,6	90,4
Қыркүйек	153,8	12,4	-0,1	-0,8	56,9
Қазан	274,1	16,6	0,1	-0,8	63,2
Қараша	177,5	13,3	-0,1	-0,4	54,0
Желтоқсан	113,7	10,7	-0,4	-0,7	52,1

4-кесте көрсетілгендей, Аршалы станциясында жауын-шашынның таралу дисперсиясы 72,3 пен 1330,2 аралығында, ал орташа квадраттық ауытқуы 8,5 пен 36,5 аралығында болған, яғни олар көпжылдық жауын-шашын мәліметтерінің орташа мәнінен шашырауын көрсетеді. Ал вариация коэффициенті 52,1 және 90,4 аралығында болған, яғни қатардың өзгерушілігі жоғары болғандығын көрсетеді.

5-кесте – Балкашино метеостанциясындағы жауын-шашынның таралуының статистикалық көрсеткіштері [16]

Айлар	D	σ	A_s	E_x	C_v
Қаңтар	195,9	14,0	0,4	-0,1	52,9
Ақпан	114,6	10,7	0,8	1,6	51,1
Наурыз	254,1	15,9	0,4	-0,9	62,9
Сәуір	199,7	14,1	0,3	-0,8	55,7
Мамыр	595,6	24,4	0,6	-0,6	62,3
Маусым	943,9	30,7	1,7	3,6	74,3
Шілде	1853,6	43,1	1,2	1,4	59,7
Тамыз	1220,5	34,9	1,2	0,6	80,6
Қыркүйек	258,9	16,1	0,8	-0,1	63,1
Қазан	332,4	18,2	0,4	-0,8	55,5
Қараша	286,1	16,9	0,9	0,8	53,0
Желтоқсан	232,7	15,3	0,1	-1,0	53,5

5-кесте көрсетілгендей, Балкашино станциясында жауын-шашынның таралу дисперсиясы 114,6 мен 1853,6 аралығында, ал орташа квадраттық ауытқуы 10,7 мен 43,1 аралығында болған, яғни олар көпжылдық жауын-шашын мәліметтерінің орташа мәнінен шашырауын көрсетеді. Асимметрия коэффициенті мәндері оң таңбалы күшті асимметрия мен кездейсоқ таралудың байқалғанын көрсетеді. Ал экссесс коэффициенті таралу шыңының тегіс және кездейсоқ таралумен қатар оң таңбалы үшкір шыңды таралулардың болуын білдіреді. Вариация коэффициенті 51,1 және 80,6 аралығында болған, яғни қатардың өзгерушілігі жоғары болғанын көрсетеді.

6-кесте – Егіндікөл метеостанциясындағы жауын-шашынның таралуының статистикалық көрсеткіштері [16]

Айлар	D	σ	A_s	E_x	C_v
Қаңтар	167,0	12,9	1,1	2,5	61,0
Ақпан	176,5	13,3	1,4	2,1	65,0
Наурыз	153,5	12,4	0,8	0,6	69,1
Сәуір	108,7	10,4	0,7	0,3	56,7
Мамыр	280,8	16,8	1,4	2,4	63,7
Маусым	542,5	23,3	0,9	1,2	68,5
Шілде	821,9	28,7	1,8	4,1	64,8
Тамыз	588,1	24,3	1,8	3,8	85,2
Қыркүйек	252,1	15,9	1,2	0,7	77,1
Қазан	191,1	13,8	1,5	3,8	59,5
Қараша	202,6	14,2	0,5	-0,4	55,8
Желтоқсан	169,8	13,0	0,2	-0,8	53,9

6-кесте көрсетілгендей, Егіндікөл станциясында жауын-шашынның таралу дисперсиясы 108,7 мен 821,9 аралығында, ал орташа квадраттық ауытқуы 10,4 пен 28,7 аралығында болған, яғни олар көпжылдық жауын-шашын мәліметтерінің орташа мәнінен шашырауын көрсетеді. Асимметрия коэффициенті мәндері оң таңбалы күшті асимметрия мен кездейсоқ таралудың байқалғанын көрсетеді. Ал эксцесс коэффициенті таралу шыңының тегіс және кездейсоқ таралумен қатар оң таңбалы үшкір шыңды таралулардың болуын білдіреді. Вариация коэффициенті 53,9 және 85,2 аралығында болған, яғни қатардың өзгерушілігі жоғары болғанын көрсетеді.

7-кесте – Есіл метеостанциясындағы жауын-шашынның таралуының статистикалық көрсеткіштері [16]

Айлар	D	σ	A_s	E_x	C_v
Қаңтар	71,3	8,4	0,4	-0,5	58,4
Ақпан	38,6	6,2	0,8	0,6	54,0
Наурыз	100,7	10,0	0,9	0,2	66,7
Сәуір	116,6	10,8	0,4	-0,5	56,1
Мамыр	451,0	21,2	0,6	0,1	60,8
Маусым	820,3	28,6	1,8	3,5	84,8
Шілде	788,3	28,1	0,4	-0,8	56,3
Тамыз	390,8	19,8	0,6	-0,7	70,7
Қыркүйек	128,8	11,3	0,4	-1,0	63,1
Қазан	155,2	12,5	0,5	0,5	56,8
Қараша	112,7	10,6	0,5	0,5	50,4
Желтоқсан	73,9	8,6	-0,2	-1,0	47,0

7-кесте көрсетілгендей, Есіл станциясында жауын-шашынның таралу дисперсиясы 38,6 мен 820,3 аралығында, ал орташа квадраттық ауытқуы 6,2 мен 28,6 аралығында болған, яғни олар көпжылдық жауын-шашын мәліметтерінің орташа мәнінен шашырауын көрсетеді. Асимметрия коэффициенті мәндері оң таңбалы күшті асимметрия мен кездейсоқ таралудың байқалғанын көрсетеді. Ал эксцесс коэффициенті таралу шыңының тегіс және кездейсоқ таралумен қатар оң таңбалы үшкір шыңды таралулардың болуын білдіреді. Вариация коэффициенті 47,0 және 84,8 аралығында болған, яғни қатардың өзгерушілігі жоғары болғанын көрсетеді.

Ақмола облысы метеостанцияларындағы атмосфералық жауын-шашынның ірі аномалиялары. Соңғы жылдары жауын-шашындарға әртүрлі әдістер арқылы болжаулар жасау бірнеше есеге жеңілденді, сол үшін қазіргі кезде синоптика-статистика бағыты қарқынды даму үстінде. Негізінен әртүрлі қарқындылықтағы жауын-шашынның таралуының қайталанушылығы, сонымен қатар жауын шашынның синоптикалық жағдайларын тереңірек қарастыру жауын шашынның тапшы немесе ылғалды болу жағдайларын анықтайды.

Бір сипат үшін R_i аз, және оның ықтималдылығын білуіміз қажет P %. R_i – ол жауынның жаууына байланысты үш градациядан қалыптасады: тапшы, қалыпты және аса ылғалды.

Жауын шашынның тапшы болу жағдайы – жауын мөлшері 80 %-дан аз түссе, қалыпты жағдай – 80-120 % аралығы, аса ылғалды жағдай – жауын мөлшері 120 %-дан жоғары болып табылады.

Жауын-шашындардың тапшылық, қалыпты және аса ылғалды айларын анықтап табу үшін жалпылама қабылданған жіктеме қолданылған:

$$R_i/R \cdot 100 \%, \quad (5)$$

мұндағы R_i – белгілі бір ай үшін түскен жауын-шашын мөлшері, мм; R – белгілі ай үшін жауын-шашындардың орташа көпжылдық мөлшері, мм [11-14].

Ақмола облысы бойынша берілген жылдар аралығындағы метеостанциялардағы жауын-шашынның тапшы, қалыпты және аса ылғалды шамаларының талдауы 8-11-кестелерде берілген.

8-кесте – Қысқы мезгіліндегі жауын-шашындардың тапшы, қалыпты және аса ылғалды жылдары

Тапшы	Қалыпты	Аса ылғалды
Желтоқсан		
1992, 1998, 1999, 2001, 2003, 2005, 2007, 2008, 2009, 2011, 2016, 2017, 2018, 2020	1988, 2010, 2014	1986, 1989, 1991, 1994, 1995, 2000, 2004, 2006, 2013, 2015, 2019
Қаңтар		
1994, 1995, 1996, 1998, 2003, 2004, 2006, 2008, 2011, 2012, 2019	1988, 1999, 2001, 2007, 2015, 2016, 2017	1987, 1991, 1997, 2002, 2013, 2020
Ақпан		
1986, 1988, 1991, 1992, 1995, 1997, 2003, 2005, 2009, 2010, 2012, 2015, 2016, 2018	1993, 2017	1994, 1998, 2000, 2001, 2002, 2004, 2007, 2019, 2020

Желтоқсан айында жауын-шашын мөлшерінің қалыпты жағдайы 3, тапшылық 14, аса ылғалды жылдардың саны 11-ге тең, яғни қалыпты және аса ылғалды жағдайларының санынан тапшы жағдайлардың саны басым болған. Қаңтар айында тапшы 11, қалыпты 7, ал аса ылғалды жылдар саны 6, яғни қаңтар айында тапшы жылдар саны басым болған. Ақпан айында тапшылық 14, аса ылғалды жылдар саны 9, ал қалыпты жылдар аз байқалған 2. Нәтижесінде қыс мезгілінде Қазақстанның солтүстігінде қарастырылған 6 станция бойынша 1986-2020 жылдар аралығында жауын-шашын өте аз жауғанын айтуға болады.

9-кесте – Көктем мезгіліндегі жауын-шашындардың тапшылық, қалыпты және аса ылғалды жылдары

Тапшы	Қалыпты	Аса ылғалды
Наурыз		
1986, 1987, 1988, 1989, 1991, 1992, 1995, 1996, 1997, 1998, 2000, 2006, 2007, 2020	1999	1990, 1993, 2002, 2005, 2008, 2010, 2012, 2013, 2018
Сәуір		
1986, 1988, 1991, 1994, 1995, 1997, 1999, 2001, 2005, 2010, 2011, 2012	2000, 2002, 2014	1987, 1989, 1993, 2006, 2013, 2016, 2018, 2020
Мамыр		
1990, 1991, 1996, 1998, 1999, 2001, 2004, 2008, 2010, 2014, 2019, 2020	1992, 2006, 2013, 2018	1988, 1989, 1995, 1997, 2000, 2005, 2009, 2015

9-кесте көктем мезгіліндегі жауын-шашынның тапшылық, қалыпты және аса ылғалды жылдарын көре аламыз. Ең алдымен наурыз айында, қалыпты 1, тапшылық 14, аса ылғалды жылдардың саны 9 тең. Бұдан наурыз айында жауын-шашынның тапшы болғанын көреміз. Сәуір айында жауын-шашын мөлшері тапшы жылдар саны 12, қалыпты жылдар саны 3 тең болғандығын, ал аса ылғалды жылдар саны 8 тең болғанын көре аламыз. Сәуір айында тапшы жылдар басым болған. Мамыр айында тапшылық 12, аса ылғалды жылдар саны 8, ал қалыпты жылдар аз байқалып, яғни 4 тең болған. Нәтижесінде көктем мезгілінің сәуір және мамыр айларында жауын-шашынның нормадан ауытқығанын көреміз.

10-кесте – Жазғы мезгіліндегі жауын-шашындардың тапшылық, қалыпты және аса ылғалды жылдары

Тапшы	Қалыпты	Аса ылғалды
Маусым		
1987, 1988, 1990, 1991, 1994, 1997, 2004, 2007, 2008, 2009, 2010, 2012, 2014, 2017	1996	1999, 2000, 2002, 2006, 2011, 2016, 2018
Шілде		
1986, 1989, 1995, 1996, 1997, 1998, 1999, 2000, 2002, 2004, 2006, 2010, 2015, 2018, 2019	2005	1987, 1990, 1993, 1994, 2001, 2008, 2011, 2013, 2014
Тамыз		
1986, 1989, 1991, 1997, 1998, 1999, 2002, 2003, 2006, 2007, 2008, 2010, 2011, 2012, 2014, 2015, 2016, 2017	1988	1992, 1993, 1994, 2001, 2004, 2005, 2013, 2018

10-кесте жаз мезгіліндегі жауын-шашынның тапшы, қалыпты және аса ылғалды жылдарын көре аламыз. Алдымен маусым айында, жауын-шашын мөлшерінің қалыпты таралған жылдар саны 1, тапшы болған жылдар саны 14, ал аса ылғалды жылдардың саны 7 тең, яғни қарастырылған 6 станция бойынша маусым айында жауын-шашын мөлшерінің тапшы жағдайлары басым болған. Шілде айында тапшы жылдар саны 15, қалыпты жылдар саны 1, ал аса ылғалды жылдар саны 9. Шілде айында тапшы жылдар басым болған. Тамыз айында тапшылық жылдары 18, аса ал қалыпты жылдар аз байқалған, яғни 1. Бұдан тамыз айында жауын-шашынның өте аз мөлшерде жауғанын көруге болады. Нәтижесінде жаз мезгілінде жауын-шашынның нормадан ауытқығанын көреміз.

11-кесте –Күз мезгіліндегі жауын-шашындардың тапшылық, қалыпты және аса ылғалды жылдары


Тапшы	Қалыпты	Аса ылғалды
Қыркүйек		
1986, 1991, 1997, 1998, 1999, 2002, 2004, 2005, 2007, 2009, 2010, 2012, 2013, 2015, 2017	2003	1987, 1990, 1994, 1995, 1996, 2014, 2016, 2019, 2020
Қазан		
1987, 1988, 1991, 1993, 1994, 1997, 1998, 1999, 2002, 2005, 2010	1986, 2000, 2003, 2009, 2011, 2012	1989, 1995, 2001, 2004, 2006, 2014, 2015, 2017, 2018
Қараша		
1988, 1989, 1991, 1992, 1993, 1995, 1998, 2000, 2003, 2007, 2008, 2013, 2016	1990, 1996	1987, 1994, 2001, 2002, 2006, 2010, 2012, 2015, 2019

11-кесте күз мезгіліндегі жауын-шашынның тапшылық, қалыпты және аса ылғалды жылдарын көре аламыз. Ең алдымен қыркүйек айында, қалыпты жылдар саны 1, тапшылық 15, аса ылғалды жылдардың саны 9 тең, яғни қыркүйек айында жауын-шашын мөлшерінің тапшы жағдайлары басым болған. Қазан айында тапшы жылдар саны 11, қалыпты жылдар саны 6, ал аса ылғалды жылдар саны 9 болған. Қазан айында тапшы жылдар басым болған. Қараша айында тапшылық 13, аса ылғалды жылдар саны 9, ал қалыпты жылдар саны 2-ге тең болған, яғни тапшы жылдар басым болған. Күз мезгілі бойынша 1986-2020 жылдар аралығында Қазақстанның солтүстігінде қарастырылған 6 станция бойынша жауын-шашынның нормадан ауытқығанын көруге болады.

Қорытындылай келе, 1986-2020 жылдар аралығында Қазақстанның солтүстігінде қарастырылған 6 станция бойынша жауын-шашынның нормадан ауытқығанын көруге болады, сонымен ката қыс, көктем, жаз және күз мезгілдерінде тапшы жылдардың басым болғаны айқындалды.


Синоптикалық анализдер жүргізілетін кезеңдерде бұлттылықтың сипаты мен қарқындылығын анықтау мақсатында спутниктік кескіндерді талдау зерттеліп отырған аймақта жауын-шашынның қарқындылығы мен ұзақтығын талдаудың дәлдігін арттырады.

Төменде келтірілген кескіндерде 1-4 шілде аралығындағы 06 СГВ (12 сағ жергілікті у.б.) уақыты бойынша спутниктік бейнелер келтірілген (3-6-суреттер) [15].




3-сурет – 1/07/2020 күнгі космостық түсірілім

3-сурет көрсетілгендей, 1-шілдеде Қазақстанның орталық аймағында төменгі қысым жүйесінің суық фронтына тән бұлттылықтың будак түрінің дамып келе жатқандығын көруге болады.




4-сурет – 2/07/2020 күнгі космостық түсірілім

4-сурет көрсетілгендей, 2-шілдеде циклондық жүйе оңтүстікке дейін орын ауыстырып, бұлттылық жүйесі қарқынды дамыған.



5-сурет – 3/07/2020 күнгі космостық түсірілім

5-сурет көрсетілгендей, 3-шілдеде облыс территориясының үстінен жыра аймағының өтуіне байланысты бұлттылықтың қалың жаңбырлы аймағы қалыптасқан.



6-сурет – 4/07/2020 космостық түсірілім

6-сурет көрсетілгендей, 4-шілдеде циклонның шығысқа орын ауыстыруына байланысты, бұлттылық жүйесінің ықпалы облыстың шығыс аймағында таралған.

Қорытынды. Қазақстанның Ақмола облысы аумағындағы жауын-шашындардың таралу сипатын 6 метеорологиялық станция мәліметтері бойынша қарастырғанда келесідей қорытындылар шығарылды:

1. Қазақстанның Ақмола облысы аумағында жауын-шашындардың таралу сипатын, оның жылдық жүрісін әр кезеңдегі мұрағаттық мәліметтермен қарастырылды. Қазақстанның Ақмола облысы аумағында жауын-шашындардың таралуы біркелкі яғни қайталанушылығы жоғары. Ол зерттелген станциялардың физикалық және географиялық әралуандылығына байланысты. Жауын-шашындардың соңғы жылдары артатынын көреміз.

2. Суық және жылы кезеңдегі жауын-шашындардың мөлшерін салыстырғанда, Қазақстанның солтүстігінде суық мерзімге қарағанда жылы мерзімде көп жауатыны байқалды.

3. Қарастырылып отырған 1986-2020 жылдар аралығындағы Ақмола облысы территориясы бойынша жауын-шашынның уақыттық жүрісінің синоптикалық процестерге байланысты қалыпты шамасы ақпан айында салыстырмалы төмен мәнінен шілде айына қарай өскенін көре аламыз. Айлық жауын-шашын мөлшерінің орташа мәні басқа айларға қарағанда жазғы айларда жоғары. Қарастырылған жылдар аралығында максималды жауын-шашынның қайталанушылығы шілде айында тіркелген. Шілде айы Ақмола облысы үшін ең жаңбырлы, ал ақпан айы айтарлықтай құрғақ ай ретінде бақыланған.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Жексенбаева А.К. Метеорология бойынша лабораториялық практикум. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 90-б.
- [2] Гордеева С.М. Практикум по дисциплине «Статистические методы обработки и анализа гидрометеорологической информации». – СПб.: РГГМУ, 2010. – 74 с.
- [3] Хромов С.П., Петросьянц М.А. Метеорология и климатология. – Л.: Гидрометеиздат, 1993.
- [4] Тверской П.Н. Курс метеорологии (физика атмосферы). – Л.: Гидрометеиздат, 1962.
- [5] Нестеров Е.С. Североатлантическое колебание: атмосфера и океан. – М.: Триада, 2013. – 144 с.
- [6] Батырева О.В., Лукиянова Л.Е. Крупные аномалии температуры и осадков на территории ЕТР, Западной Сибири и Казахстана // Метеорология и гидрология. – 1982. – № 3. – С. 30-39.
- [7] Оракова Г.О., Тиллакарим Т.А. XX–XXI ғ. басындағы Қазақстанның шығысындағы жауын-шашынның көп жылдық тербелісі // 2018. – № 22. – 75-80-б.
- [8] Жексенбаева А.К. Особенности распределения осадков в холодный период в Северном Казахстане // Вестник КазНУ. Серия: географическая. – 2010. – С. 110-11.
- [9] Дроздов О.А., Григорьева А.С. Многолетние циклические колебания атмосферных осадков на территории СССР. – Л.: Гидрометеиздат, 1971. – С. 83-87.
- [10] Кужагельдина Н.У., Боголюбова Е.В. Особенности изменения статистических оценок средних сезонных сумм осадков и каталог крупных аномалий на севере и юге Казахстана осенью, в предзимье и зимой // Гидрометеорология. – 2015. – № 3. – С. 15-22.
- [11] Жексенбаева А.К. Геоэкологические аспекты режима осадков вегетационного периода северного Казахстана: Дис. ... к. г. н. – Бишкек, 2017.
- [12] Боголюбова Е.В. Анализ статистических характеристик сезонных осадков на станциях запада и востока Казахстана в теплый период года // Молодой ученый. – 2020. – № 4(294). – С. 214-223.
- [13] Турулина Г.К. О прогнозе суммы осадков на 5 дней в Казахстане на основе комплексного-гидродинамического-статистического метода // Труды КазНИИ. – 1984. – № 86. – С. 6-23.
- [14] Перепис А.Е., Жексенбаева А.К. Қазақстанның шығыс өңірлеріндегі атмосфералық жауын-шашындардың көп-жылдық таралу динамикасы. – Алматы, 2019.
- [15] Электрондық ресурс – <https://www.ventusky.com> сайты
- [16] Электрондық ресурс – https://www.kazhydromet.kz/ru/meteo_db сайты

REFERENCES

- [1] Zheksenbaeva A.K. Laboratory practice on meteorology. Almaty: Kazak University, 2011. 90 p. (in Kaz.).
- [2] Gordeeva S.M. Workshop on the discipline "Statistical methods of processing and analysis of hydrometeorological information". Saint-Petersburg: Russian State Hydrometeorological University, 2010. 74 p. (in Russ.).
- [3] Khromov S.P., Petrosyants M.A. Meteorology and Climatology. L.: Hydrometeoizdat, 1993 (in Russ.).
- [4] Tverskoy P.N. Course of Meteorology (Atmospheric Physics). L.: Gidrometeoizdat, 1962 (in Russ.).
- [5] Nesterov E.S. North Atlantic Oscillation: Atmosphere and Ocean. Moscow: Triad, 2013. 144 p. (in Russ.).
- [6] Batyreva O.V., Lukiyanova L.E. Large temperature and precipitation anomalies in the ETR, Western Siberia and Kazakhstan // Meteorology and hydrology. 1982. № 3. 30-39 p. (in Russ.).
- [7] Orakova G.O., Tillakarim T.A. Long-term fluctuations of precipitation in eastern Kazakhstan at the beginning of the 20th-21st centuries // 2018. N 22. P. 75-80 (in Kaz.).
- [8] Zheksenbaeva A.K. Features of distribution of precipitation in the cold period in the Northern Kazakhstan // Vestnik KazNU. Series: geographical. 2010. P. 110-11.
- [9] Drozdov O.A., Grigorieva A.S. Multiyear cyclic variations of atmospheric precipitation in the USSR. L.: Gidrometeoizdat, 1971. P. 83-87 (in Russ.).
- [10] Kuzhageldina N.U., Bogolyubova E.V. Features of changes in statistical estimates of average seasonal precipitation totals and catalog of large anomalies in the north and south of Kazakhstan in autumn, pre-winter and winter // Hydrometeorology 2015. N 3. P. 15-22 (in Russ.).

[11] Jeksenbaeva A.K. Geo-ecological aspects of precipitation regime of the growing season in northern Kazakhstan: PhD thesis. Bishkek, 2017 (in Russ.).

